

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

кітабы Қытайда жазылды. Инемен емдеу әдісі Қытай медицина әдебиетінде Сун дәуірі деректерінде кездеседі.

Қытай сәулеті мен құрылысы да мен үшін өте қызықты. Атап айтқанда, Ұлы Қытай қорғаны. Ол өзінің монументалдылығымен таң қалдырады. Оның ұзындығы туралы мәліметтер өте әртүрлі: екі соңғы нүкте арасындағы түзу сызық 2450 шақырымды құрайды, ал барлық бұтақтары мен қисықтары бар қабырға 6000-нан 6500 шақырымға дейін болуы керек. Оның ені 5,5 метр, бұл бес жаяу әскерге жақын жүруге немесе бес атты әскерге жақын жүруге мүмкіндік берді. Біздің заманымыздың өзінде мұндай құрылымды салу көп уақытты, күш пен ақшаны қажет етеді және қанша уақытқа созылатыны белгісіз, содан кейін қорғанды салу идеясы да қызықты. Қабырға солтүстіктен соғысқан моңғол көшпенділерінің шабуылына қарсы бекініс ретінде ойластырылған, сонымен қатар, мүмкін, императордың күші мен ұлылығының дәлелі ретінде тұрғызылған деген тұжырымдар бар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Өмірбекова Ә.Ө., Өмірзақова Б.Е. Ежелгі әлем мәдениеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 100 б.
2. Джек Линдсей. Мәдениеттің қысқа тарихы. - 2 том.
3. Корнилова А.А., Абдыкаримова Ш.Т. Следы архитектурного творчества. // Вестник науки КазГАСА. – Алматы, 2010. – № 2(36). – С. 14–17.
4. Абдурақын Н. Қытай жаңа заман әдебиеті: оқу-құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.
5. Абдурақын Н. Қытай мифтерінің аудармасы: оқу-құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
6. Алдабек Н.Ә. Түргенбай А.А. Қытай мәдениетінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

ӘОЖ 821.581

«ЖАРАҚАТ» - ҚЫТАЙ ЖАРАҚАТ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЙНАРЫ

Қалекенова Жұпар Қадірбекқызы

kalekenova.zhupar@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 7М02311 – «Шетел филологиясы: қытай тілі»
білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент м.а. Б.Жылқыбекұлы

1966-1976 жылдар аралығында Қытайда орын алған мәдениет революциясы қытай қоғамына және оның барлық саласына терең әсер етіп, ойсыратқан еді. Мао Цзэдунның өлімінен кейін революция аяқталып, бұдан соң адамдар оның салдарын ой елегінен өткізе бастап, қоғамдық көңіл-күйдің бірте-бірте өзгеруі байқалды. Адамдар революция кезінде ұрандатылған идеялардың шынайы құндылығының қандай болғанын көріп, өткен онжылдықтан көңілдері қалды. Ал өнер, соның ішінде әдебиет мұндай қоғамдағы көңіл-күйдің өзгерістерін бірден іліп алатыны анық. Әр түрлі сезімдер: түсінбеушілік, көңілдің қалуы, әрі қарай қалай қозғаларын білмеу бұлардың барлығы Жарақат әдебиетінің туындауына негіз болды.

Жарақат әдебиеті (伤痕文学)- қытай әдебиетіндегі 1970-1980 жылдар аралығында орын алған ағымдардың бірі. Мәдениет революциясы кезінде Мао Цзэдунның ойлары жинақталған кітабынан басқа кітаптардың шығарылуына, басылымдарға тыйым салынған еді. Осылайша жарақат әдебиетінің келуі әдеби процесстің кері жандануының белгісіне айналды [1].

Жарақат әдебиетінің негізгі көтерген мәселелері- мәдениет революциясын сынау, қорқыныш психологиясы, жақындарына жасалған сатқындық, зиялы қауымның тағдыры, жас ұрпақтың революция идеологиясының әсеріне ұшырауы. Ал бұл ағымның қалыптасуында басты екі шығарма алға тартылады: бірі Лу Син У-дың «Сынып жетекші» (班主任) шығармасы, ал екіншісі Лу Син Хуаның «Жарақат» (伤痕) шығармасы [2, 121].

Зерттеулер бойынша, «Сынып жетекші» шығармасы дүниеге келуі бойынша бірінші болса да, жалпы ағымның атауы және оның қалыптасуында басты рөлді «Жарақат» шығармасына береді. Соның негізінде, ағымның қалыптасқан күні ретінде «Әдеби жинақ»-та («文汇报») «Жарақат» шығармасының басылып шыққан 1978 ж. 11 тамыз күні саналады. 1978 жылдың 2 қыркүйек күні газет редакциясымен арнайы семинар ұйымдастырылып, «Сынып жетекші» және «Жарақат» шығармалары талқыланып, ең алғаш рет «жарақат әдебиеті» термині қолданылды [2, 123].

Лу Син Хуа «Жарақат» шығармасын Фудан университетінде оқып жүрген уақытында жазып, алғаш рет университет қабырғасында жариялайды. Бұл шығарманы жазуға басты түрткі болған Лу Синнің «祝福» шығармасына айтылған мына пікір еді: “人世间的惨事不惨在狼吃阿毛，而惨在封建礼教吃祥林嫂”，特别令他激赏。他脑海中涌起无数个受“四人帮” “Бұл өмірдің трагедиясы қасқырдың Амаоды жеуінде емес, феодалдық ритуал мен тәрбиенің Сянлинді жеуінде» [3, 204]. Бұл сөздерді естіген Лу Син Хуаның көз алдына бірден революцияның сөзіне уланған мыңдаған жастар келіп, осылайша оларға ең терең жарақат қалдыруы туралы идеологиялық тақырып дамып, шығарманы жаза бастады. Автор осы жылдарда өзінің көрген-естігенін жалпылап, кейіпкерлерді ойдан шығарып, шығарманы жазып шығарды. Кейін шығарманы «Әдеби жинақ»-тың бас редакторы оқып, оң баға беріп, газетке кері басып шығарды. «Жарақат» шығармасының негізгі сюжетінде мәдени революцияға алданған, бұрынғы идеалдардан көңілі қалған хунвейбин образы жатыр. Қысқаша мазмұнына бойынша, басты кейіпкер Ван Сяо Хуа мәдени революцияның енгізген идеяларын толықтай ұстанып, сенеді. Сол себепті анасының үкіметпен айыпталғанын білген уақытта, анасын емес, өз идеясына сеніп, анасынан бас тартып, анасын айыптайды. Өз ісіне адал хунвейбин жырақта жүріп, қызмет атқарады. Бірнеше жылдан кейін, анасының ақталғанын біліп, оны көру үшін жолға шығады. Бастапқы уақытта анасын таба алмай, кейін оның ауруханаға түсіп қалғанын естиді. Анасының артынан барғанда, оның көз жұмғанын біледі. Анасының түрін көрген кезде, оның бетінде көптеген тыртықтың, жарақат іздерінің қалғанын көреді. Осылайша, анасының бетіндегі жарақат іздері секілді, Ван Сяо Хуаның жүрегінде де өшпес үлкен тыртық, жарақат іздері қалады...

Әдеби сыншылар бұл шығарма Ван Сяо Хуа секілді жас буынға және оның анасы секілді үлкен буынға, сонымен бірге басқа да отбасыларға қалдырған физикалық және рухани жарақат-тыртықтар туралы екеніне келіседі. Осыған байланысты шығармадағы мына бір үзінді оқырмандарға терең әсер етеді: "妈妈，亲爱的妈妈，你放心吧，女儿永远也不会忘记您和我心上的伤痕谁戳下的" [1]. Аудармасында «Мама, жаным мама, сен уайымдама, қызың ешқашан саған және менің жүрегіме жарақат қалдырғандарды ұмытпайды» делінеді. Бұл жерде жарақат сөзі ауыспалы мағынада қолданыла отырып, анасының физикалық қиналысқа ұшырағанын көрсету үшін бір қолданылса, ал Ван Сяо Хуа үшін де осы сөз екінші рет қолданылып, бұл жолы оның ішкі жан дүниесінің жарақат алғанын айтады. Бұл дегеніміз, Ван Сяо Хуа өзінің бұрынғы сенген идеяларының шынайы мәнін көріп, өзінің алданғанын түсініп, оның дұрыс болмағандығына көз жеткізгендігін білдіреді. Және бұл өшпес жарақат болып қалады, себебі бұл шындықтың екінші жағында өз анасына сенбеуі, соның нәтижесінде қаншама жылдар бойы анасын көрмеуі, ал көрісетін сәт

туындағанда, анасының өмірден өтуі және осы оқиғалар негізінде қалған үлкен өкініш жатыр. Бұл оқиға тек Ван Сяо Хуаның ғана емес, мыңдаған басқа да жастардың басынан өткен, сананың ояну сәті еді. 10 жыл бойы өтірікті шын деп, ал аяусыздықты революция деп түсініп келген жастардың өткерген тәжірибесі әртүрлі болса да, олардың ішкі жан дүниесінде қалған жарақаттары бір еді. Осылайша «Жарақат» шығармасы ашық түрде мәдени революцияның бұрыстығын және оның салдарларының да жақсы жаққа болмағанын ашық түрде айтады.

Бұл шығарма жарияланған уақытта мемлекет «екі абсолют» принциптарын әлі ұстанып тұрды: яғни, Мао Цзэдунның шығарған барлық шешімдерін қорғау және Мао Цзэдунның барлық нұсқаулықтарын ұстану [4]. Осыған қарамастан, редакцияның бұл шығарманы жариялауы үлкен батылдықты қажет ететін іс-әрекет еді. Принциптерге қарсы тұрып, шығарманы жариялау мәдени революцияны сынаған алғашқы іс-әрекет болып саналып, халық арасында үлкен резонанс тудырды, тек саяси жағынан ғана емес, сонымен қатар әдеби тұстан да өзінің әсерін көрсетті, осылайша шығарма жоғары бағаланды. Ал шығармада қозғалған жақындарын сатып кету, жастардың көзбайланған күйде мәдени революцияның идеясына сенуі және нәтижесінде көңілі қалуы жарақат әдебиетінің басты алға тартқан негізгі мәселелеріне айналды. Осылайша кейіннен жарияланған шығармаларда жазушылар өзінің жеке басынан өткен қайғылы оқиғаларын жаза отырып, іштегі жиналған сезімдерін сыртқа жарыққа шығарды. Мұның негізінде, «жарақат» сөзінің 1970-80 жылдардағы халық жағдайын көрсетудегі ең дұрыс қолданылған сөз деп айта аламын, осылайша жарақат әдебиеті атауы да шығармалардың негізін жақсы көрсетеді.

1984 жылы Қытай жазушылар ассоциациясының 4-кездесуінде «Жарақат» шығармасы туралы былай делінген болатын: “被称为伤痕文学的一系列带有浓重悲壮色彩的中短篇小说扣动了亿万人民的心弦，在新时期文学中起了披荆斩棘，敢为天下先的作用。如果说，在中国当代文学史上，“伤痕文学”的历史功绩不可抹杀，那么，《伤痕》这篇小说就不会被人们遗忘。” [5, 197]. «Жарақат әдебиеті ретінде танымал трагедиялық бейнеленген әңгімелер сериясы жүз миллиондаған адамдардың жүрегінің түкпіріне еніп, әсер етіп, әдебиеттің жаңа кезеңіндегі дүрбелеңді реттеуде маңызды рөл атқарды. Егер қазіргі қытай әдебиетінің тарихында жарақат әдебиетінің тарихи еңбегін өшіруге болмайды десек, онда «Жарақат» шығармасы да ешқашан ұмытылмайды».

Ал Қытай жазушылар қауымдастығы төрағасының бұрынғы орынбасары және әдебиеттанушы Чэн Хуан Мэй былайша баға береді: “原中国作家协会副主席、文艺批评家陈荒煤：《伤痕》写的是一个家庭问题，也是一个有相当普遍性的社会问题……尽管小说有些描写还不够真实和深刻……事件和人物都不够典型化……可是毕竟概括了地描写了这一个大历史的大悲剧的一个侧面。小说终究挖掘了一个有深刻的社会意义的题材……这就是《伤痕》尽管还有缺点，仍然在广大群众之间激起广泛反响的最根本原因。这也就是从作品总的倾向来看，它能够激起广大群众对林彪、“四人帮”仇恨的原因。这应该说是一个好的作品” [5, 198]. «Жарақат» отбасылық мәселе туралы, сонымен бірге жалпы әлеуметтік мәселе туралы айтады... Романдағы кейбір сипаттамалар шындыққа жанаспайтын және жеткілікті терең болмаса да... Оқиғалар мен кейіпкерлер жеткілікті түрде жалпылама болмаса да... Бірақ, сайып келгенде, бұл осы ұлы тарихи трагедияның бір жағын жалпылайды. Өйткені, шығарма терең әлеуметтік маңызы бар тақырыпты ашты... Бұл «Жарақаттың» кемшіліктеріне қарамастан, бұқара арасында кең тараған реакцияны тудырғанының ең негізгі себебі. Сол себепті мұны жақсы жұмыс деп айту керек». Осылайша, «Жарақат» шығармасының маңызды орны көрсетіледі.

Қорыта айтқанда, жарақат әдебиеті ресми түрде он жыл уақыт өмір сүріп, көптеген көркем шығармалар, биографиялар, жазбалардың дүниеге келуімен сипатталады. Және бұл

шығармалардың барлығы революцияны кері қарау және оның салдарын ашық айтумен ерекшеленеді. Ал осы шығармалардың ішінде «Жарақат» шығармасы өзінің алғашқы болып бұл тақырыпты қозғауымен және революцияны сынаған шығармалардың бірі болуымен ерекше орын алады. Сонымен бірге, шығарма атауы тұтас бір ағымның атауына негіз болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. 1978全国优秀短篇小说获奖作品 // 中国作家网 [引用日期2019-02-16]
2. Коробова А.Н. Полемика о «литературе шрамов» и политика КНР в области литературы в конце 1970-х - середине 1980-х годов. // Шаги / Steps. Т. 8. № 4. 2022. С.120-135.
3. 张婧磊 《文艺报》与“伤痕文学”论争- 学术交流, 2017, 203-207 页.
4. Min Yang. Revolutionary Trauma and Reconfigured Identities: Representing the Chinese Cultural Revolution in Scar Literature. - University of Alberta, 2012, 275 p.
5. 卢新华 《伤痕》得以问世的几个特别的因缘-天涯, 2008(3), 195-200 页.

ӨОЖ 811.581

ҚЫТАЙ ТІЛІ ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРІНІҢ ЖІКТЕЛУІ

Майбас Әлихан Төреханұлы

maybas@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 7М02311-«Шетел филологиясы: қытай тілі»

білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент м.а., Г.Ахметбек

Құрмалас сөйлем маңызды грамматикалық бірлік ретінде мәтін деңгейлері мен жай сөйлемнің арасында орналасып, олардың арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Ол біртұтас тұтастықты құрайтын және бір-біріне тәуелді бірнеше бөліктерден тұрады. Құрмалас сөйлемдердің жіктелуі тіл білімінде қызу тақырып болып, ғылыми ортада пікірталас тудыруда. Классификацияның негізгі тәсілдері – екі бөлікті және үш бөлікті – критерийлерді таңдау арқылы анықталады. Осы жүйелердің бірін таңдау қытай тілінде сөйлесуге әсер етпейді, бірақ халықаралық студенттер үшін қытай тілін үйрену оқу нәтижелеріне әсер етеді. Бұл мақала құрмалас сөйлемдер үшін үш түрге жіктеу жүйесінің маңыздылығын көрсетеді және сәйкес оқыту әдістерін ұсынады.

«Құрмалас сөйлемдердің жіктелуі» туралы негізгі академиялық көзқарастар келесі кестеде көрсетілген:

Кесте 1 – Құрмалас сөйлемдердің жіктелуі

Классификация жүйесі	Өкілдік тұлға	Классификация негізі	Нақты классификация	Даму жағдайы
Бір түрге бөлу	Лүй Шу Сияң, Чжу Дэ Си(1952) “Стилистикалық грамматика дәрісі”[1]	тікелей жіктеу	10 түрі: себеп-салдар, параллелизм, салыстырмалы, шартты, т.б.	сөйлемдер арасындағы жасырын қатынас еленбегендіктен, әдетте қабылданбайды
Екі түрге бөлу	Ли Цзин Си, Лю Шы Ру(1957) “Қытай грамматикасы	сөйлемдер арасындағы мағына	сабақтас құрмалас сөйлем, салалас құрмалас	көптеген оқулықтар осы мысалды пайдаланады